



Ертеде бір ханның екі қызы, бір ұлы болыпты. Үлкен қызы асқан сұлу екен.

Күндердің бір күнінде қыз қолындағы алтын жүзігін жоғалтып алыпты. Сонда әкесі ел-елге былай деп жар салыпты:

– Кім де кім қызымның алтын жүзігін тауып берсе, қызымды соған беремін!

Қызды аламыз деп дәме қылған адамдардың ешқайсысы да жүзікті іздеп таба алмапты. Әркімнің-ақ ханның күйеу баласы болғысы келгені хақ.

Хан ордасының айналасын да түгел іздеп қарап еді, жүзік табылмады.

Хан жарлығын естімеген баласы қора жаққа бара жатып, шөп арасынан жылытыраған жүзікті тауып алды да, ештеңе ойламастан әкесіне әкеп берді де былай деді:

– Аулада мына жүзікті тауып алдым. Біреу жоғалтып алған секілді.

Хан қарады да өзінің қызының жүзігін бірден таныды.

Хан жарлығы екі болмайды деген оймен хан қызын өз ұлына қоспақшы болып, көрші ел хандықтарын тойға шақыртады. Жан-жаққа ат шаптырып, хабар жібереді. Хан қызын ұлына беретін бопты деген хабар тарайды.

Бұл сұмдықты естіген қыз арсыз әкенің өміріне көніп, өз ағама әйел болғанша қаңғырып аштан өлейін немесе жыртқыш аңдарға жем



болайын деп, той болар алдында жасырынып, өз үйінен бір түнде қашып шығады.

Бірнеше күн сай-саланы кезіп жүріп, тау ішіндегі бір үңгірге келіп паналайды. Хан қызының жоғалып кеткенін естіп, бұлқан-талқан болып ашуланып, жан-жаққа іздеушілер жібереді. Нөкерлерін ертіп